

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің ережесі мен құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 шілде N 1140. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 552 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2017 № 552 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің ережесі мен құрамы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 27 шілдедегі
N 1140 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңес туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Кеңес өз қызметін республиканың мемлекеттік органдарымен, діни, өзге де қоғамдық бірлестіктерімен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

4. Кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатқа ие.

2. Кеңестің мақсаты, міндеттері мен функциялары

5. Кеңестің мақсаты діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру және іске асыру, қоғамдағы діни келісімді нығайту және конфессияаралық қатынастарды үйлестіру мәселелері жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1109 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Кеңестің негізгі міндеттері мыналар:

1) елдегі діни жағдайды және оның даму тенденцияларын жан-жақты және әділ зерттеу, жинақтап қорыту және талдау;

2) діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын республикадағы діни ахуалдың жай-күйі және Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасының сақталуы туралы хабардар ету;

4) діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі аймақтық кеңестер жұмысын үйлестіру;

5) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 871 қаулысымен;

6) діни бірлестіктер арасындағы өзара түсіністік пен төзімділікті нығайту және оларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес консультативтік көмек көрсету болып табылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1109 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруға қатысады;

2) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлейді;

3) діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясат мәселелері бойынша консультативтік жұмыс жүргізеді;

4) шет мемлекеттердің тиісті ұйымдарымен халықаралық байланыстар орнатады және оны жолға қояды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1109 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Кеңестің қызметін ұйымдастыру және жұмыс тәртібі

8. Кеңесті Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам вице-министрі басқарады

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.10.2016 № 594 қаулысымен.

9. Кеңестің мәжілістері жарты жылда кемінде бір мәрте өткізіледі. Кеңестің кезектен тыс мәжілісі Кеңес төрағасының жеке бастамасы бойынша немесе Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен бірінің өтініші бойынша шақырылады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 871 қаулысымен.

10. Егер Кеңес мәжілісінің жұмысына Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды болып есептеледі. Кеңестің шешімдері мәжіліске қатысып отырған Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

11. Мәселелерді пысықтау, мәжілістерді дайындау, сараптау және талдау жұмыстарын жүргізу үшін Кеңес өз мүшелері бірінің жетекшілігімен іс-қимыл жасайтын жұмыс топтарын құра алады.

12. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарға:

1) мемлекеттік органдардан, діни ұйымдар мен жеке адамдардан Кеңес құзыретіне жататын мәселелер бойынша қажетті ақпарат сұратуға;

2) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың Кеңес құзыретіне қатысты ақпараттық деректер банкін пайдалануға;

3) Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін Кеңестің отырыстарына шақыруға;

4) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстарын қарауға;

5) Кеңес құзыретіндегі мәселелерге қатысты нормативтік құқықтық кесімдер жобаларын әзірлеуге қатысуға;

6) алынып тасталды

7) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15 N 871; 18.10.2013 № 1109 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4. Кеңестің қызметін қамтамасыз ету

13. Кеңес төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарында төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, шешімдердің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Төраға болмаған кезде оның функциялары төрағаның орынбасарына жүктеледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 871 қаулысымен.

14. Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері комитеті Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

Кеңестің жұмыс органы Кеңес жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Кеңес отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар Кеңес отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса Кеңес мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970; 18.10.2016 № 594 қаулысымен.

14-1. Кеңес отырысы өткізілгеннен кейін Кеңес хатшысы хаттама ресімдейді.

Ескерту. Ереже 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

14-2. Кеңес шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға қатысып отырған Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру Кеңес отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Кеңес мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген Кеңестің есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Кеңес отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, Кеңес хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын Кеңес мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Кеңес мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

Ескерту. Ереже 14-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

14-3. Дауыс беру парақтарымен қоса, Кеңес материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды Кеңестің жұмыс органы жүзеге асырады.

Ескерту. Ереже 14-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

15. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 871 қаулысымен.

16. Кеңес Қазақстан Республикасының жетекші конфессиялар басшылары, дінтанушы ғалымдар, мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлері және қоғамдық қайраткерлер қатарынан жасақталады. Кеңес мүшелері өз міндеттерін қоғамдық негізде жүзеге асырады.

17. Кеңестің құзыретіне қатысты қажетті материалдарды әзірлеу үшін ұйымдар, сондай-ақ ғалымдар мен жоғары білікті мамандар тартылуы мүмкін.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 871 қаулысымен.

18. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.15 N 871 қаулысымен.

5. Кеңестің қызметін тоқтату тәртібі

19. Кеңес өз қызметін Нұсқаулыққа сәйкес тоқтатады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 27 шілдедегі
N 1140 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2016 № 594 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам вице-министрі, төраға

Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Дін істері комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері комитеті құрылымдық бөлімшесінің басшысы, хатшы

Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығы меңгерушісінің орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Әлеуметтік-экономикалық бөлімі меңгерушісінің орынбасары

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың басшысы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері комитеті төрағасының орынбасары

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Көпжақты ынтымақтастық департаментінің директоры

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменті бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Астана қаласы әкімінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының аға көмекшісі (келісім бойынша)

Бас мүфти, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасындағы Орыс шіркеуі Митрополиттік округ басшысы, Астаналық және Қазақстандық Митрополит (келісім бойынша)

"Нұр-Мұбарак" Мысыр ислам Мәдениеті университеті" жеке мекемесінің проректоры (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ректоры

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Дін істері комитетінің "Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы" мемлекеттік мекемесінің директоры

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Дін істері комитетінің "Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы

теріс пиғылды діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталықтары қауымдастығының директоры (келісім бойынша)

"Қазақ гуманитарлық заң университеті" акционерлік қоғамының әлеуметтік-психологиялық пәндер кафедрасының профессоры (келісім бойынша)

"Еуропа құқығы және Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары институты" қоғамдық бірлестігінің директоры (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының оқу жұмысы жөніндегі вице-ректоры (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының доценті